

Би атаның туғанына - 300 жыл

Мен «қазақ» деген атасын ардақтап, анасын сыйлаған, аруағын қастерлеп, Алласына сыйынған елдің перзентімін. Аруақтың бар екені рас болса, Атырау мен Алтай, Алатау мен Арканың арасындағы талай төбеде дөңбекшіп, талай ісімізге орнынан аунап түсіп, бүгінгі біздің ісімізге ақ батасын беріп жатқан шығар деп білемін...  
Н.НАЗАРБАЕВ.



Елдің кірі,  
ұрпақтың мақтанышы

Қыркүйектің 11-і - ораза айының жұма күнімен түйіскен күн. Нақ сол күні Қара-Шор ұрпақтары Шет ауданының Талды аулында бас қосып, дуалы ауыз қазақ батыры Сеңкібай бабаға ас берді. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген. Батырдың ұрпақтары бірліктің туын желбіретіп, аталы елдің баласы екенін анық байқатты. Кесенеге қарсы орналасқан шырақшы үйінде баба мұрасы, болат сауыты ілініп тұр. Өткен ғасырлардан сыр шертіп, тылсымнан келіп ұлы рух кеудеге орнағандай. Өзен бойын жағалай қонған киіз үйлер, ондағы сабылған жұрт, бәрінде де өткен ғасырлар көрінісі бар. Бейне бір басқа кеністік, басқа уақыт.

Осы асты ұйымдастырушылардың атынан ел ағасы Төлеутай Шахарбаев Алматыдан келген қонақ, Қазақстан теміржолының бұрынғы басшысы Темірбек Ырымбек, көп жылдар басшылық қызметте болған, еңбек ардагері Михаил Шаекин, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы, генерал Тоқтар Әубәкіров және ядролық физиканың білгірі, баба ұрпағы Совет Исатаев сияқты қонақтарды төрге шақырды. Әрқайсысы ел алдына шығып сөз сөйлеп, жиналған жұртқа ұжым-бірліктерін ажырамасын дегенді білдірді. Тоқтар Оңғарбайұлы ұлтрақтай жер үшін жанкештілікпен соғысқан батырлар ерлігін айтып, баба алдында бас иіп, тағзым жасады. Қазақ халқы батырын ардақтап, сыйлай білген елміз. Бүгінгінің батыры ғасыры озған батырды құрметтеп бас июі ата жолы емес пе.

Қазақ ежелден сөз өнерін жақсы меңгерген. Осы жиында батыр аруағына сан түрлі мадақ айтылды. Ақиқаты сол, өзі батыр, өзі шешен, өзі би, әулие Сеңкібай осының бәріне лайық еді. Осы жиында батырдың өмірінен сыр шертетін екі кітаптың тұсауы кесілді. Біріншісі -



белгілі журналист Төрехан Майбастың «Сеңкібай» жинағы болса, екіншісі - шежіреші, өлкетанушы Жұмажан Нұртайұлының «Қара-Шордың көсемі» атты кітабы. Би- Атаның : «Келдің дүниеге кетпек керек, бар ақылың жеткенше, өмір гүлін екпек керек»- дегеніндей, екі кітап та келер ұрпақ санасына егілер гүл болмақ.

Нұр үстіне нұр жауып, Тәңірісі мейірін төккен күн болды. Би-Ата кесенесінің ақ мазары мемлекет қамқорлығына өтті. Биіктігі үш метр, дулыға пішіндес ақ кесене 2006 жылдың он бірінші қарашасында салынып біткен. Бұл орайда Жұмажан Нұртайұлының еңбегін, Махмұт Әліппереновтің жомарттығын айта кету керек. «Батыр болсаң жауға найзаң тисін, бай болсаң елге

пайдаң тисін» демекші, Би- ата мазарын тұрғызуға кәсіпкер Махмұт мырза алты миллион теңге бөліпті. Бабасын ардақтап, аруағын сыйлаған қазақ перзенті осындай болса керек. Үзеңгілес досы Жидебай батыр : «Бақыт деген не? Байлық деген не? Бала деген не?»-деп сұраса, Би-Ата кідірместен: «Бақыт деген- басқа қонған құс емес пе, байлық деген қолға ұстаған { мұз емес пе, бала деген артта қалған із емес пе»,-деп жауап қайырыпты. Абылайдың сенімді қолбасшысы болған, «Ақжол Қарқабатпа» ұрандап, көкдауыл < атымен жау шебіне атой салған қазақ батыры Ер Сеңкібай баба - елдің пірі, ұрпақтың мақтанышы.

**Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ.**